

## Қарабас кентіндегі көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Абай ауданы Қарабас кентінің әкімінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 қыркүйекте № 4955 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағының негізінде және тұрғындардың пікірлерін ескере отырып ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы Абай ауданы Қарабас кентіндегі көшелер келесідей:
  - 1) Дзержинская көшесі Болашақ көшесіне;
  - 2) Нагорная көшесі Қайнар көшесіне;
  - 3) Почтовая көшесі Алатау көшесіне;
  - 4) Молодежная көшесі Достық көшесіне;
  - 5) Заводская көшесі Наурыз көшесіне;
  - 6) Новая көшесі Самал көшесіне;
  - 7) Песчаная көшесі Ұлытау көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарабас кентінің әкімі*

*Е. Төкебаев*